


# Бала құқығы туралы конвенция






Дөңгелек үстел тақырыбы:

Мен және менің құқықтарым


# Мақсаты:



# Миндетрепи.



# Жоспары:



# 1. Өз пікірін еркін білдіру құқығы

- Бала өз мүддесіне қатысты кез-келген отбасылық мәселелерді шешу кезінде өз пікірін еркін білдіруге құқылы. Мәселен, қандай мектепте оқу, жазғы демалысты қайда өткізу, т. б. Бала өзі қалаған үйірмелерді және спорт секцияларын жеке өзі анықтай алады. Бірақ барлық мәселелерді өзі шеше алмайды. Оның жасын және шеше алатын мәселелерін ескеру қажет. 10 жасқа толған баланың жеке пікірін міндетті түрде ескеру қажет. Мәселен, аты-жөні, тегін өзгерткенде, асырап алғанда немесе асырап алудан бас тартқан кезде. Ата-аналар ажырасқан жағдайда баланың олардың қайсысымен қалатындығы жөніндегі пікірін ескеру қажет.

## 2. Отбасындағы баланың құқығы.

- Бала үшін билологиялық ата-ананың қамқорлығы аса қажет. Егер ата-аналары жоқ болса мүмкіндігінше бағып-қағумен баланың туыстары айналысуы керек. Ал туыстары арасында баланы орналастыруға мүмкіндік болмаса, ондай жағдай өзге отбасылардың ұл (қыз) асырап алуы дұрыс болмақ. Егер баланың өз елі жағында қамқорлыққа алатын ешкімі болмаса, онда ата-анасының қарауынсыз қалған баланы өзге біреудің асырап алуы баланы орналастырудың баламалы әдісі ретінде қарастарылуы мүмкін. Бар мүмкіндігінше әрбір бала отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқылы. Бала өз ата-анасымен және басқа да туыстарымен отбасында тұруға, олармен қарым-қатынас жасауға құқылы. Әрбір бала өз ата-анасын білуге және олардың қамқорлығын сезінуге, сондай-ақ, әке-шешесімен бірге тұруға құқылы. БҰҰ-ның “Баланың құқықтары туралы” халықаралық Конвенциясы баланың өз ата-анасынан ажырап қалмауын міндеттейді. Ал егер ажырап қалса, ата-аналарының біреуімен, немесе екеуімен де қарым-қатынас жасап отыруға мүмкіндік береді. Бала өз ата-анасының тәрбиесін алуға, олардың қызығушылықтарын, жан –жақты дамуын қамтамасыз етуге, оның адамдық қадір қасиетін сыйлауға құқылы.



### 3. Даралық құқығы

- Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес, олардың әрқайсысы өзінің даралығын сақтауға құқылы. Даралықтың белгісіне оның есімі, тегі, әкесінің аты жатады. Балаға есім ата-анасының келісімі бойынша беріледі. Әдетте, ата-аналар өз балаларына кез келген атты ойлап қоя береді. Дегенмен, ондай таңдаудың шегі бар. Баланың мүддесін ескере отырып, ата-аналар өз құқықтарын пайдаланып, баланың мүддесіне қарама-қайшы келетін, айналасына күлкі, не жағымсыз жағдай туындататын есімді таңдамау керек. Баланың әкесінің аты ұлттық дәстүр ескеріле отырып, әкесінің есімімен жазылады. Мәселен, ата-аналарының қалауына қарай әкесінің атына “ұлы”, “қызы” сөздері қосылып жазылуы мүмкін. Егер баланың әкесінің аты қос аттан тұрса (мәселен Әділмұрат) ата-аналарының қалауына қарай екі аттың бірі баланың әкесінің аты болып жазылады. Егер әкесінің аты белгісіз болса, шешесінің нұсқауымен баланың әкесі ретіндегі адамның есімі жазылады, ал тегі шешесінің тегімен көрсетіледі.

# 4. Қорғалу құқығы

- Құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін баланың құқығы заңмен бекітіледі. Құқық қорғауды ата-аналар, бағып-қағу және қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады. Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абройын төмендетуден, ата-аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. ҚР-да балалардың мүддесі қорғала отырып, ондай ата-аналарды ата-аналық құқықтан және баланы бағып-қағуға беруден айыруға байланысты шараларды қолдану заңдық тұрғыда қарастырылған. Бала мүліктік құқыққа да ие. Ол көбінесе өз ата-аналарының және отбасының өзге де мүшелерінің күтіп бағуы құқықтарына байланысты болмақ. Алименттер, зейнетақы мен жәрдемақылар ата-ананың атына келіп түседі, алайда, ол қаржы баланы күтіп-бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсалады. Заң балаға сыйға немесе мұраға алған мүлікті меншігіне алу құқығын береді, сондай-ақ еңбекпен айналыса отырып, өзінің жеке еңбегінің кірістерін алуға, жекеленген пәтердің иесі болуға, т. б. мүмкіндік береді. Балаларға қамқорлық жасай отырып, мемлекет бала туған кезде жәрдемақы төлейді. Көп балалы отбасыларын түрлі жағынан қорғауға алынған.

# Кәмелеттік жасқа толмағандардың міндеттері

- ҚР “ҚР-сындағы бала құқықтары туралы” заңының 20 бабына сәйкес әрбір бала ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, өзге адамдардың құқықтарын, еркіндіктерін, ары мен абройын, республиканың мемлекеттік символдарын сыйлауға, еңбекке жарамсыз ата-анаға қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұраларды, ескерткіштерді қорғауға, табиғатты сақтап, табиғи байлықтарға ұқыппен қарауға міндетті.
- Бала құқықтары туралы Конвенция тек баланың құқықтары мен оларды қорғауды қарастырады.

# Адам құқықтары саласындағы ұлттық және халықаралық заңдар.

- Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы.
- Бала құқықтары туралы Конвенция.
- Әйелдерге қатысты кемісітушіліктің барлық түрлерін жою туралы Конвенция.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- “ҚР-дағы бала құқықтары туралы” ҚР Заңы
- “Неке және отбасы туралы” ҚР Заңы.

# Бала құқығы туралы заң жөнінен қойылатын сұрақтар

- Бала дегеніміз- .....жасқа толмағандар?
- Бала - жетім болып табылады, егер .....?
- Қанша жасынан баланың өз атын, әкесінің атын, тегін иеленуге құқығы бар?

# Қылмыстық істер Кодексі жөнінен қойылатын сұрақтар

1. Қанша жастан төменгі тұлғалар сот мәжілісінің залына жіберілмейді?
2. Қандай жағдайларда 16 жастағы тұлғалар сотқа қатыса алады?
3. Иск деген не?
4. Истец деген кім?
5. Жауапшы деген кім?

ШЫҒУ



Назарларыңызға көп-көп рахмет!